

## Аудиторлық қызметті лицензиялаудың тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 29 маусым N 878. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 28 қыркүйектегі N 931 қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 28 қыркүйектегі N 931 қаулысымен.*

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына және "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і : < \* >

*ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.18. N 505 қаулысымен .*

1. Қоса беріліп отырған Аудиторлық қызметті лицензиялаудың тәртібі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аудиттің стандарттарын және аудиторлыққа кандидаттарды аттестациялауға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулыға 1-қосымшадағы реттік нөмірі 31-жол мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"31. Қазақстан Республикасының Аудиторлық қызмет  
Қаржы министрлігі (банктік қызметтің  
аудитінен басқа)"

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Аудиторлық қызметті лицензиялау туралы ереже мен біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 ақпандағы N 274 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 9 , 6 5 - қ ұ ж а т ) ;

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы департаменті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1026 қаулысы ( Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 259-құжат);

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 29 маусымдағы

№ 878 қаулысымен

бекітілген

### **Аудиторлық қызметті лицензиялаудың тәртібі**

#### **Жалпы ережелер**

1. Осы Тәртіп лицензия берудің тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ аудиторлық қызметті лицензиялауға ұсынылатын біліктілік талаптарын белгілейді.

2. Осы Тәртіп банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін лицензиялауға қолданылмайды.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.18. № 505*

қаулысымен

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. № 958*

қаулысымен

3. Осы Тәртіпте белгіленген аудиторлық қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарына жауап беретін аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарға (бұдан әрі - Лицензиат) аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Лицензиар) береді.

4. Шетелдік аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметті жүзеге асыруына арналған лицензия, тиісті аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылуы шартымен, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына сияқты негіздерде беріледі.

5. Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия негізгісі болып табылады және Лицензиатқа Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысанда мерзімі шектелместен беріледі.

6. Лицензия бланкілерінің ұсынушыға арналған бағалы қағаз деңгейінде қорғау дәрежесі, сондай-ақ есепке алу сериясы мен нөмірі болады және қатаң есептіліктегі құжат болып табылады. Лицензияның бланкілерін сатып алуды, есебін жүргізуді және сақтауды Лицензиар жүзеге асырады.

7. Лицензияға уәкілетті тұлға қол қояды және Лицензиардың мөрімен расталады. Лицензияны басқа заңды немесе жеке тұлғаға беруге тыйым салынады.

8. Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия Қазақстан

Республикасының бүкіл аумағында жарамды және жалғыз данада беріледі. Лицензия жоғалған жағдайда, Лицензиаттың телнұсқа алуға құқығы бар. Лицензиар он күн ішінде Лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша лицензияның телнұсқасын беруді жүргізеді. Бұл ретте Лицензиат қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төлейді.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.04.18. N 505*

қ а у л ы с ы м е н

*ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 958*

қ а у л ы с ы м е н

9. Заңды тұлға таратылған, қайта ұйымдастырылған, жеке тұлға кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан лицензия қайтарып алынған кезде берілген лицензия өзінің қолданылуын тоқтатады және қайтаруға жатады.<\*>

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, ол бір ай мерзімде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы Лицензиарға хабарлауға міндетті.<\*>

Лицензиат тиісті жазбаша өтінішті берген күнінен бастап он күн ішінде Лицензиар лицензияны қайта ресімдейді.<\*>

Лицензия қайта ресімделген және көрсетілген құжат берілген кезде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде а л ы м т ө л е н е д і . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.18. N 505* қаулысымен .

10. Лицензиаттар мен оларға берілген лицензиялар туралы мәліметтерді Лицензиар аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың арнайы тізілімінде к ө р с е т е д і .

11. Лицензияны беру, қайтарып алу, оның қолданылуын тоқтата тұру және жаңарту туралы мәліметті Лицензиар бұқаралық ақпарат құралдарында ж а р и я л а й д ы .

1 2 . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 958*

қ а у л ы с ы м е н

13. Лицензиардың лауазымды тұлғалары, Лицензиат осы Тәртіпті және лицензиялық қызметтің белгіленген тәртібін бұзғаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ж а у а п т ы л ы қ т а б о л а д ы .

14. Лицензиат Лицензиардың лицензияны беруден бас тарту, қайтарып алу және қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімдері мен іс-әрекеттеріне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

**Лицензияны берудің шарттары мен тәртібі**

15. Лицензия алу үшін Лицензиарға мынадай құжаттар:

1 ) а у д и т о р :

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша өтініш;  
қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына арналған лицензиялық  
алымды төлегендігін растайтын құжат;  
аудитордың біліктілік куәлігінің нотариалдық расталған көшірмесі; <\*>  
еңбек кітапшасының (еңбек келісімінің) нотариалдық расталған көшірмесі; <\*>

2) аудиторлық ұйым (осы тармақтың 1-тармақшасының төртінші абзацын қоспағанда, жоғарыда санамаланғандарға қосымша):

заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалдық расталған көшірмесі және статистикалық карточкасы;<\*>

құрылтай құжаттарының нотариалдық расталған көшірмелері;

аудиторлық ұйымның басшысы мен аттестацияланған аудиторлар туралы мәліметтер (біліктілік куәліктерінің нотариалдық расталған көшірмелерін қоса алғанда, тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып) ұсынылады.

Лицензия алу үшін ұсынылған барлық құжаттарды Лицензиар тіркейді.

*ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.18. N 505*

қ а у л ы с ы м е н

*ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 958*

қ а у л ы с ы м е н

16. Лицензиат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен лицензия алу үшін ұсынылған құжаттарда қамтылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауаптылықта болады.

Лицензиардың ұсынылған құжаттарда қамтылған жазбалар мен мәліметтерді нақтылауға құқығы бар.

17. Лицензиар лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдағанға дейін өтінішпен бірге ұсынылған материалдарды олардың толықтығы мен дұрыстығын, Лицензиаттың берілген біліктілік талаптарға сәйкестігін бағалай отырып қарайды.

18. Лицензиатқа мынадай негіздер:

1) субъектілердің осы санаты үшін аудиторлық қызметті жүзеге асыруға заң актілерімен тыйым салынуы;

2) осы Тәртіптің 15-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар тапсырылмауы. Өтініш беруші аталған кедергілерді жойған кезде, өтініш жалпы негіздерде қаралады;

3) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеуі;

4) өтініш берушінің осы Тәртіпте белгіленген біліктілік талаптарына жауап

б е р м е у і ;

5) өтініш берушіге қатысты соттың оған қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салатын шешімі бойынша лицензия беруден бас тартылуы мүмкін.

19. Лицензия барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш алынған күннен бастап отыз күннен кешіктірілмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - 10 күндік мерзімнен кешіктірілмей беріледі. Лицензиар лицензияны беруден бас тарту туралы хабарламаны бас тартудың себептерін көрсете отырып, жазбаша нысанда лицензия беруге арналған мерзімдерде ұсынады.

20. Лицензиар тоқтата тұрудың себебін көрсете отырып, лицензияның қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруды Лицензиардың, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініші бойынша сот жүргізеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру туралы өтінішті уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ерекше жағдайларда, көрсетілген мерзімде сотқа талап арызын міндетті түрде ұсына отырып, соттың шешімінсіз 3 күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұруға жол беріледі. Бұл ретте тоқтата тұру туралы кесім соттың шешімі шыққанға дейін қолданылады.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.04.18. N 505*

қ а у л ы с ы м е н

21. Лицензиар тоқтата тұру, қайта жаңарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш күндік мерзімде ол туралы Лицензиатқа және салық қызметі органына жазбаша нысанда хабарлайды.

Лицензияның қолданылуы Лицензиат аталған хабарламаны алған күннен бастап тоқтатылады, қайта жаңартылады.

Ол бойынша Лицензияның қолданылуы тоқтатылған себептер жойылғаннан кейін лицензия қайта жаңартылады.

2 2 . Л и ц е н з и я :

1) Сот Лицензиатқа аудиторлық қызметпен айналысуға тыйым салған;

2) Ол бойынша Лицензиар лицензияның қолданылуын тоқтатқан себептер ж о й ы л м а ғ а н ;

3) Лицензиат осы лицензияланатын қызметтің түрі үшін көрсетілген талаптарды о р ы н д а м а ғ а н ; <\*>

4) Лицензиат лицензия алу кезінде көрінеу жалған ақпарат берген жағдайларда, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, сот тәртібімен Лицензиаттан қайтарылып алынуы мүмкін. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 958*  
қ а у л ы с ы м е н

2 3 . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 23-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 958*  
қ а у л ы с ы м е н

23-1. Лицензиатқа қойылатын талаптар:

1) жыл сайын, 1 наурызға дейінгі мерзімде Лицензиарға осы Тәртіпке 1 және 2 -қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша дайындалатын аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтерді беру;

2) лицензияның жоғалғандығы туралы хабарлау;

3) заңды тұлғаны қайта тіркеген, Жарғысын, мекен-жайын, банктік деректемелерін өзгерткен, басшысын, құрылтайшыларды, аудиторларды ауыстырған кезде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы Лицензиарға бір ай мерзімде жазбаша хабарлау;

4) лицензияланатын қызметті тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде Лицензиарға лицензияның түпнұсқасын он күн мерзімде қайтару;

5) Лицензиар анықтаған заңнаманы бұзушылықтарды жою.

*ЕСКЕРТУ. 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 958*  
қаулысымен .

#### **Аудиторлық қызметті лицензиялауға біліктілік талаптары**

24. Аудитор мен аудиторлық ұйымның басшысы аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін мынадай талаптарға жауап беруі:

1 ) < \* >

2) экономика, қаржы, есептік-талдау, бақылау-тексеру немесе құқық салаларында соңғы жеті жылдың бес жылы ішінде немесе жоғары оқу орындарындағы бухгалтерлік есеп және аудит бойынша көрсетілген салаларда соңғы бес жылдың кемінде екі жыл практикалық жұмыс өтілі болған кезде, ғылыми-оқытушылық қызметте жұмыс тәжірибесінің болуы; <\*>

3) Аудитордың Қазақстан Республикасының аудиторларын аттестациялау жөніндегі Біліктілік комиссиясы берген біліктілік куәлігі болуы тиіс.

*ЕСКЕРТУ. 24-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.18. N 505*  
қ а у л ы с ы м е н

*ЕСКЕРТУ. 24-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.01.19. N 51*  
қ а у л ы с ы м е н

25. Лицензия алу үшін аудиторлық ұйым мынадай талаптарға жауап беруі тиіс :

1) аудиторлық ұйымдағы аудиторлардың саны осы заңды тұлғаның штатында тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде екі адамды құрауы тиіс; <\*>

2) аудиторлық ұйымның жарғылық капиталындағы аудиторларға және (немесе) аудиторлық ұйымдарға тиесілі үлес кемінде 51 пайызды құрауы тиіс;

3) аудиторлық ұйымның басшысында міндетті түрде Қазақстан Республикасы аудиторының біліктілік куәлігі болуы тиіс.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 25-тармақ алып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.10.19. N 1570 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 25-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.04.18. N 505 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 25-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 958 қаулысымен .*

### **Лицензиаттың аудиторлық қызметті жүзеге асыруын бақылау**

*ЕСКЕРТУ. Жаңа бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 958 қаулысымен .*

25-1. Лицензиаттың аудиторлық қызметін және Лицензиаттың осы Тәртіпті сақтауын бақылауды Лицензиар жүзеге асырады.

25-2. Біліктілік талаптарының және белгіленген Тәртіптің сақталуын тексеру, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде өзгеше көзделмесе, жылына 1 реттен жиі жүргізілмейді.

Жоспардан тыс тексерулер шағымдарға, мәлімдемелерге, өтініштерге дереу ден қоюды талап ететін жағдайларда жүргізіледі.

Тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтардың болмауы туралы не нақты бұзушылықтар мен оларды жою мерзімін көрсете отырып, тексеру актісі ж а с а л а д ы .

Тексеру актісінің негізінде бұзушылықтарды көрсетілген мерзімде жоймаған жағдайда, Лицензиар лицензияны заңнамада белгіленген тәртіппен тоқтата тұру немесе кері қайтарып алу туралы шешім қабылдайды.

Лицензиат лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептерін жойғаны туралы жазбаша нысанда Лицензиарды хабардар етеді.

### **Тараптардың жауапкершілігі<\*>**

26. Бюджетке төленген алым сомасының дұрыстығы, толықтығы және уақытылығы үшін жауапкершілік Лицензиатқа жүктеледі.

27. Тиісті лицензиясыз не лицензиялық нормаларды және ережелерді бұза отырып, аудиторлық қызметпен айналысу заңнамада белгіленген жауапкершілікке әкеп соқтырады.

*ЕСКЕРТУ. Жаңа бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.04.18. N 505 қаулысымен .*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң

2004 жылғы 14 қыркүйектегі

№ 958 қаулысына 1-қосымша

Аудиторлық қызметті  
лицензиялау тәртібіне

1-қосымша

*ЕСКЕРТУ. 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 958*  
қаулысымен .

**Аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтері**

**200\_\_ жыл үшін**

Аудиторлық ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Лицензияның сериясы, нөмірі және берілген күні \_\_\_\_\_

Заңды мекен-жайы, телефоны \_\_\_\_\_

Іс жүзіндегі мекен-жайы, телефоны \_\_\_\_\_

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің  
сериясы, нөмірі, берілген күні \_\_\_\_\_

СТН \_\_\_\_\_

Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_

(Аудитордың аты-жөні, біліктілік куәлігінің нөмірі мен берілген күні)

(Экономикалық, қаржы, есепке алу-талдамалық, бақылау-тексеру

немесе құқықтық салаларда жұмыс тәжірибесінің немесе көрсетілген

салаларда практикалық жұмысы стажы болған кезде жоғары оқу

орындарында бухгалтерлік есеп және аудит бойынша

ғылыми-оқытушылық қызметінің болуы)

Әкімшілік жазаларының болуы \_\_\_\_\_

(жазаны қашан, не үшін және қандай орган қолданды)

Аудиторларға және (немесе) аудиторлық ұйымдарға тиесілі аудиторлық  
ұйымның жарғылық капиталындағы үлес

Аудитордың немесе аудиторлық | Жарғылық капиталдағы үлес



Ұйымның атауы және орналасқан жері |

мөлшері

Есепті кезеңде құрылтай құжаттарында өзгерістердің болуы

Құрылтайшылар құрамындағы өзгерістер| Қызмет түрлерінің өзгеруі

Иә (қандай өзгерістер |Жоқ| Иә (қандай өзгерістер |Жоқ  
және енгізу күнін көрсету)| және енгізу күнін көрсету)|

Ұ й ы м н ы ң

с а н д ы қ

қ ұ р а м ы :

Қызметкерлердің жалпы саны | Оның ішінде, штатта тұрмайтындар

Есепті кезеңде|Өткен жыл үшін | Есепті кезеңде | Өткен жыл үшін

Ұ й ы м да

ж ұ м ы с

і с т е й т і н

а у д и т о р л а р :

Аты-жөні| Лицензияның |Аудитордың | Есепті кезеңде ауди. |Уәкілетті  
| нөмірі және |біліктілік | торлық ұйымның құра. |органға  
|берілген күні|куәлігінің | мында өзгерістердің |өзгеріс.  
| нөмірі және| болуы |тер тура.  
| берілген | \_\_\_\_\_|лы мәлі.  
| күні | Иә (қандай өзге. |Жоқ|меттер  
| р і с т е р ж ә н е е н г і з у | |беру  
| күнін көрсету) | |күні

Басшы \_\_\_\_\_

Қолы

(аты-жөні)

М.О.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2004

жылғы

14

қыркүйектегі

№ 958 қаулысына 2-қосымша

Аудиторлық қызметті  
лицензиялау тәртібіне  
2-қосымша

*ЕСКЕРТУ. 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 958*  
қаулысымен .

**Аудиторлардың аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтері**

**200\_\_ жыл үшін**

**I. Жалпы мәліметтер**

Аудитордың аты-жөні \_\_\_\_\_

Лицензияның нөмірі және берілген күні \_\_\_\_\_

"аудитор" біліктілік куәлігінің нөмірі және берілген күні \_\_\_\_\_

Жеке кәсіпкерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі,  
сериясы, берілген күні \_\_\_\_\_

СТН \_\_\_\_\_

Үйінің мекен-жайы, телефоны \_\_\_\_\_

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны үшін әкімшілік жазаларының болуы \_\_\_\_\_

(жазаны қашан, не үшін және қандай орган қолданды)

Аудиторлық ұйымдардың жарғылық капиталына құрылтайшы ретінде қатысуы:

Аудиторлық ұйымның атауы және орналасқан жері		Аудиторлық ұйымның жарғылық капиталындағы үлес мөлшері
--	--	---

Жұмыс орны \_\_\_\_\_  
(лауазымы, ұйымның атауы)

Аудитор \_\_\_\_\_  
Қолы \_\_\_\_\_ (аты-жөні) \_\_\_\_\_  
М.О.